

<p>«Фридом Финанс» АҚ 2018 ж. 02 қазандағы № 3.2.238/15 Бағалы қағаздар нарығында мына қызметтер түрлерін: 1) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бірге брокерлік және дилерлік қызметті; 2) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметін іске асыруға лицензия. 2020 ж. 04 ақпандағы № 4.3.12 шетелдік валютамен банк операцияларын жүргізуге (қолма-қол шетелдік валютамен операцияларды қоспағанда шетелдік валютамен айырбастау операциялары) іске асыруға лицензия.</p>	15 код	05 редакция	Парақтар саны: 12
_____ ж. қолданысқа енгізілді:			

**Басқарманың
2021 ж. 28 қазандағы
Шешімімен (№10/28 хаттама)
Келісілді**

**2021 ж. 29 қазанда
Директорлар кеңесімен
Бекітілді
№ 10/29 хаттама**

**«Tradernet» сауда платформасы мен
«Tradernet.kz» мобилді қосымшасы арқылы электрондық қызметтер
ұсыну қағидалары**

<p><i>Әзірлеген Т.А.Ә.</i></p>	<p>Жалпы редакциясы: Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Тажигулов А.</p> <p>_____</p>	<p><i>Келісілді Т.А.Ә.</i></p>	<p>Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор Кизатов А.Т.</p> <p>_____</p> <p>Тәуекел менеджменті басшысының, тәуекелдер мен комплаенс-бақылау жөніндегі басқарушы директордың м.а. Беристенова А.</p> <p>_____</p> <p>Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры Умиралиева А.</p> <p>_____</p>
<p>Күні: 2021 ж. 25 қазан</p>			

Алматы, 2021 жыл

Ішкі құжаттарды өзгерту тізімдемесі

**«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы
«Tradernet» сауда платформасы мен
«Tradernet.kz» мобилді қосымшасы арқылы электрондық қызметтер
ұсыну қағидалары**

Версиясы	Күні	Толықтырулар және/немесе өзгертулер	Орган, құжат және бекітілген күні
01 редакция	2017 жылғы 07 тамыз	-	Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 04 тамыздағы шешімімен бекітілген (08/04 хаттама)
02 редакция	2019 жылғы 27 тамыз	Толықтырулар мен өзгертулер	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 ж. 27 тамыздағы шешімімен бекітілді (№08/27 хаттама)
03 редакция	2020 жылғы 17 сәуір	Толықтырулар мен өзгертулер	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 ж. 17 сәуірдегі шешімімен бекітілді (№04/17 хаттама)
04 редакция	2020 жылғы 09 қазан	Толықтырулар мен өзгертулер	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 ж. 05 қазандағы шешімімен бекітілді (№10/05 хаттама)
05 редакция	2021 жылғы 12 қаңтар	Толықтырулар мен өзгертулер, жалпы редакция	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 ж. 12 қаңтардағы шешімімен бекітілді (№01/12 хаттама)

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Терминдер мен анықтамалар	4
3	Электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі	7
4	Клиентті Сауда платформасында және Мобилді қосымшада сәйкестендіру тәртібі мен шарттары	10
5	Электрондық қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру/тоқтату	11
6	Қауіпсіздік рәсімдері	11
7	Қорытынды ережелер	12

1. Жалпы ережелер

1. «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының «Tradernet» сауда платформасы және «Tradernet.kz» мобилді қосымшасы арқылы электрондық қызметтерді ұсынудың осы қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – БҚН туралы Заң), «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ЭҚЖЭЦҚ туралы Заң), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 27 «Нақтылы ұстаушылармен электрондық қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес әзірленді және «Фридом Финанс» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Брокер) Клиенттерге «Tradernet» сауда платформасы және «Tradernet.kz» мобилді қосымшасы арқылы электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттарын қарастырады.

2. Терминдер мен анықтамалар

2. Қағидаларда мынадай терминдер және анықтамалар пайдаланылады:

1) түпнұсқаландыру – Брокер белгілеген қауіпсіздік рәсімін пайдалану арқылы Клиенттің жеке тұлғасын, электрондық құжаттың түпнұсқалылығы мен оны әзірлеудің дұрыстығын растау;

2) Клиентті динамикалық сәйкестендіру – бірімәртелік (біржолғы) немесе көпмәртелік кодты пайдалану арқылы Клиенттің/Уәкілетті тұлғаның электрондық қызметтерді алу (қауіпсіздік сессиясын ашу) құқықтарын бір мәнді растау мақсатында Клиенттің/Уәкілетті тұлғаның түпнұсқалылығын анықтау рәсімі;

3) биометриялық сәйкестендіру – «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарын ескере отырып, Клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде оның электрондық қызметтер алу құқықтарын біржақты растау мақсатында оның жеке басын анықтау рәсімі;

4) KASE - «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамы;

5) «Tradernet» сауда платформасы немесе Сауда платформасы – Брокердің қор биржасының сауда жүйесінде қаржылық құралдармен операциялар, қор биржасының сауда жүйесінде шетелдік валютамен жасалатын операциялар туралы (қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен жасалатын айырбас операцияларын ұйымдастыру бөлігінде), Клиенттің бағалы қағаздар портфелі және өзге қаржылық құралдар, өзге ақпарат туралы ақпарат алуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерін қоса алғанда, оның бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы, сонымен бірге Клиентке электрондық қызметтерді ұсыну;

6) Брокердің ішкі қағидалары – Брокердің электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттарын, қауіпсіздік рәсімдерінің сипаттамасын, Брокердің электрондық қызметтерді ұсыну кезінде ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйымдық шаралары мен бағдарламалық-техникалық құралдарын қамтитын Брокердің электрондық қызметтерді ұсыну ерекшеліктерін белгілейтін Брокердің қағидалары;

7) бірімәртелік (біржолғы) код – Клиенттің сұранысы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалатын және клиентке Брокердің электрондық қызметтеріне қолжетімділік ұсынған кезде біржолғы пайдалануға арналған электронды цифрлық символдардың бірегей тізбектілігі;

8) жеке кабинет – брокердің сауда платформасындағы интерактивтік сервис, оның көмегімен Клиент Брокерге электрондық қызметтерді ұсынуға тапсырмалар жолдайды, электрондық қызметтерді алады

9) жеке шот бойынша операция – нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі:

жеке тұлғаға жеке шот ашу;

Клиент туралы мәліметтерді өзгерту (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары);

Клиенттің шоттарынан (шотынан) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу);

Клиенттің жеке шотынан (жеке шоттарынан) (жеке шотына) (жеке шоттарына) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын есептен шығару (есепке алу);

сенімгерлік басқару туралы жазбаларды енгізу және сенімгерлік басқару туралы жазбаларды жою бойынша операция;

10) Клиент – Брокермен электрондық қызметтерді ұсыну шарттары мен тәртібі қамтылған брокерлік қызметті ұсыну шартын жасаған жеке немесе заңды тұлға;

11) Клиентті динамикалық сәйкестендіру – бірімәртелік (біржолғы) немесе көпмәртелік кодты

пайдалану арқылы электрондық қызметтерді алу құқықтарын біржақты растау мақсатында оның түпнұсқалылығын анықтау рәсімі;

12) Клиенттің тапсырмасы – электронды құжат немесе өзге электрондық цифрлық нысанда әзірленген, клиентті динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы куәландырылатын Клиенттің Брокерге электрондық қызметті ұсыну туралы нұсқауы;

13) көпмәртелік код - Клиенттің сұранысы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалатын және клиентке Брокердің электрондық қызметтеріне қолжетімділік ұсынған кезде белгіленген кезең ішінде көп мәрте пайдалануға арналған электронды цифрлық символдардың бірегей тізбектілігі;

14) қауіпсіздік рәсімі – Клиенттің тапсырмаларын әзірлеу, беру және алу кезінде оның электрондық қызметтерді алу құқықтарын белгілеу және Клиенттің беретін және алатын тапсырмаларының мазмұнында қателіктерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында Клиентті сәйкестендіруге арналған ұйымдық шаралар мен ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдары кешені;

15) Қор биржасының сауда жүйесі – қор биржасының материалдық-техникалық құралдары, ішкі құжаттары мен оларды пайдалана отырып, осы қор биржасының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржылық құралдармен мәмілелер жасалатын өзге қажетті активтер мен рәсімдердің кешені;

16) сауда операциясы – Брокердің Клиенттің:

қор биржасының сауда жүйесіндегі Брокердің сауда платформасы арқылы жүзеге асырылатын қаржылық құралды сатып алу немесе сату;

«төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша қаржылық құралдың сатушысы мен сатып алушысы арасында есеп айырысуларды көздейтін ұйымдастырылмаған нарықта қаржылық құралды сатып алу немесе сату;

қор биржасының сауда жүйесіндегі сауда платформасы арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу немесе сату;

Клиенттің шотынан (шоттарынан) (шотына) (шоттарына) ақшаларды есептен шығару (есепке алу) жөніндегі тапсырмасына сәйкес жүзеге асыратын операциясы;

17) сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (бұдан әрі – СДАО) – брокерлермен және (немесе) дилерлермен клиенттерді сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу үшін қолжетімді көздерден клиенттердің деректерін алмасу бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ақшалар аударымдарының банкаралық жүйесінің операциялық орталығы;

18) Брокер – «Фридом Финанс» АҚ, Клиенттің тапсырмасы, оның есебінен және мүддесін көздеп эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржылық құралдармен, соның ішінде Сауда платформасы және/немесе «Tradernet.kz» мобилді қосымшасы арқылы мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

19) «Tradernet.kz» мобилді қосымшасы – «Tradernet» сауда платформасының қолданбалы бағдарламалау интерфейсі (бұдан әрі - API) арқылы жұмыс істейтін, iOS және Android мобилді операциялық жүйелеріне арнап әзірленген Брокердің мобилді бағдарламалық жасақтамасы;

20) Шарт - «Фридом Финанс» АҚ мен Клиенттің арасында жасалған, Клиентке электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттары қамтылған брокерлік қызметтер көрсету шарты;

21) электрондық цифрлық қолтаңба, ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігі мен мазмұнының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

22) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті — кез келген тұлғаға қолжетімді және электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалылығын растауға арналған электрондық цифрлық символдардың тізбектілігі;

23) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті - электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, электрондық цифрлық қолтаңба жасауға арналған электрондық цифрлық символдардың тізбектілігі;

24) пайдаланушының аты (логині) – Сауда платформасына тіркеу және Сауда платформасы арқылы Электрондық қызметтерге әрі қарай қатынау мақсатында Сауда платформасы ұсынатын Сауда платформасындағы Клиенттің бірегей аты;

25) қауіпсіздік сессиясы — сауда операцияларын, Жеке Кабинетте немесе Мобилді қосымшадағы сессия аясында жеке шот бойынша сауда операцияларын және (немесе) ақпараттық операцияларды жүзеге асыру үшін клиентті динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы немесе ЭЦҚ арқылы рұқсат етілген қолжетімділік;

- 26) Брокердің инвестициялық консультанты – функционалдық міндеттеріне Шарт жасау процесін сүйемелдеу және Клиентке одан әрі қызмет көрсету кіретін Брокердің жұмыскері;
- 27) пароль — бұл Сауда платформасына кірген кезде Пайдаланушының/Уәкілетті тұлғаның жеке басын немесе өкілеттіктерін растауға арналған символдар жинағы;
- 28) Клиентті «TRADERNET» Сауда платформасына қосу – Пайдаланушыны және/немесе Уәкілетті тұлғаны Шарттың және осы Қағидалардың талаптарына сай Сауда платформасына тіркеу;
- 29) қауіпсіздік рәсімі – Клиенттің тапсырмаларын әзірлеу, беру және алу кезінде оның электрондық қызметтерді алу құқықтарын белгілеу және Клиенттің беретін және алатын тапсырмаларының мазмұнында қателіктерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында Клиентті сәйкестендіруге арналған ұйымдық шаралар мен ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдары кешені;
- 30) тіркеу куәлігі – электрондық цифрлық қолтаңбаның «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландыру орталығы беретін қағаз тасығыштағы құжат немесе электрондық құжат;
- 31) SMS-хабарлама – SMS қысқарған сөзі Short Messaging Service – қысқа хабарламалар сервисі болып жазылады – түпнұсқаландыру немесе динамикалық сәйкестендіру мақсатында Брокердің мобилді байланыс операторы арқылы Клиенттің мобилді телефонына жолдайтын мәтіндік хабарламасы;
- 32) Электрондық цифрлық қолтаңба құралдары – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалылығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;
- 33) куәландырушы орталық – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтін электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дәйектілігін растайтын заңды тұлға;
- 34) WEB-Token (W-Token) – электрондық құрылғы, криптографиялық алгоритмге сәйкес RSA ашық кілтпен генерацияланған ашық және жабық кілттердің және қауіпсіздік сессиясы ашылған кезде Клиентті динамикалық сәйкестендіру үшін пайдаланылатын Клиенттің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған пин кодтың жиынтығы.
- 35) электрондық қызметтер – Брокердің Клиентке Сауда платформасы немесе Брокердің Мобилді қосымшасы арқылы сауда операцияларын, жеке шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды іске асыру бойынша ұсынатын қызметтері, сондай-ақ Брокердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес ұсынатын өзге қызметтері;
- 36) «Freedom24.kz» акциялары интернет-дүкені – «Tradernet» Сауда платформасымен кіріктірілген қосымша, оның көмегімен Брокер белгілеген тәртіппен мүдделі жеке тұлғалар брокерлік шартты жасауға және бағалы қағаздарды онлайн режимде сатып алуға мүмкіндік алады.
- 37) №210 Қағидалар – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысымен бекітілген эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде эмитенттердің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын беру, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстау жүйесінде тіркелген жеке шоттан үзінділер ұсыну және нақтылы ұстаушының орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуімен бағалы қағаздары өзінің нақтылы ұстауындағы клиенттер туралы ақпаратты табыстау қағидалары;
- 38) №9 Қағидалар – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен бекітілген бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібі қағидалары;
- 39) Уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және (немесе) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
- 40) АIX (АХҚО биржасы) – АХҚО-нда («Астана» халықаралық қаржы орталығы, Нұр-Сұлтан қаласының шегінде Қазақстан Президенті анықтайтын дәл белгіленген шекаралары бар аумақ, онда қаржы саласындағы айрықша құқықтық режим қолданылады) қаржылық құралдармен сауда-саттықты ұйымдық және техникалық қамтамасыз ететін акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға.

3. Электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі

3. Брокер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, KASE, АIX, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының

қағидаларында белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржылық құралдармен мәмілелер жасау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды сақтайды.

3. Электрондық қызметтерді Брокер Қазақстан Республикасының заңнамасына және талаптарға қайшы келмейтін арнаулы қосымшаларды (бағдарламаларды) пайдаланып, дербес және планшеттік компьютерлердің, мобилді телефондардың көмегімен байланыс арналары арқылы қашықтан ұсынады.

4. Электрондық қызметтерді Брокер клиентке Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасау үшін қор биржасының сауда жүйесімен және (немесе) өзге сауда (ақпараттық) жүйесімен кіріктірілген Сауда платформасындағы Клиенттің жеке кабинеті арқылы ұсынады.

5. Сауда платформасында және Жеке кабинетте операцияларды жасау Клиент жеке кабинетте Сәйкестендірілген және Түпнұсқаландырылған жағдайда мүмкін. Сауда платформасына және Жеке кабинетке кіру үшін Клиент электрондық цифрлық қолтаңбаны не болмаса Брокердің ішкі қағидаларында және (немесе) Шартта көзделген түпнұсқаландырудың өзге құралдарын, соның ішінде пайдаланушының атын (логинін) және паролін немесе Клиенттің жеке кабинетінде тіркелген мобилді телефонының нөмірін және осы номерге жолданған біржолғы кодты пайдаланады.

6. Жеке тұлға болып табылатын Клиентті сәйкестендіру кезінде қашықтан сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, СДАО және (немесе) мемлекеттің қатысуы бар кредиттік бюролардың қызметтерін пайдалануға рұқсат етіледі.

7. Клиенттің биометриялық сәйкестендіру құралдары ретінде мобилді құрылғылардың (смартфондардың) функцияларын және клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін оқуға мүмкіндік беретін қосымшаларды пайдалану СДАО-мен және (немесе) мемлекеттің қатысуы бар кредиттік бюролармен физиологиялық және (немесе) биологиялық ерекшеліктерді салыстырып тексеруді жүргізбей клиенттің жеке басын растауға болмайды.

8. Брокер Клиентке электрондық қызметтерді ұсынған кезде сауда операцияларын, жеке шот бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүзеге асыру Клиенттің тапсырмасы негізінде Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланып және (немесе) Клиентті динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы жүргізіледі.

9. Брокердің Сауда платформасы:

1) сауда операцияларын, жеке шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды жүзеге асыруды;

2) сауда операцияларын жүзеге асырған кезде мазмұны өзіне уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген деректемелерді қамтитын клиенттің тапсырыстарын қалыптастыруды;

3) клиенттің тапсырыстарын орындау туралы есептерді қалыптастыруды;

4) мазмұны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген ақпаратты қамтитын клиенттің бұйрықтарын қалыптастыру;

5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мәліметтер қамтылған клиенттің жеке шотынан үзінділерді қалыптастыруды;

6) жүргізілген операциялар туралы есептерді және Клиенттің сұранысы бойынша басқа есептерді қалыптастыруды;

7) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің тапсырмасын орындаудан бас тартуды қалыптастыруды;

8) өзгертілетін деректердің сақталуын және Клиентті соның ішінде ескі деректер бойынша іздеуді, Клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе толық атауы өзгерген кезде бүкіл кезең ішіндегі барлық сауда операциялары, жеке шот бойынша операциялар және (немесе) ақпараттық операциялар туралы ақпараттың сақталуын;

9) жеке сұраныс және сұранысты сақтай отырып, кез келген критерийлер бойынша ақпарат іздеуді, сондай-ақ кез келген параметрлер бойынша ақпаратты сұрыптауды және алдыңғы күндердегі ақпаратты қарау мүмкіндігін;

10) күндер бойынша барлық операциялар туралы ақпаратты қысқартпай өңдеуді және сақтауды;

11) ұйымдастырылмаған нарықта қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алуға және сатуға оферта шартының талаптарымен танысуды және оны қабылдауды көздейді.

10. Брокердің ішкі қағидаларымен және (немесе) шартпен Брокердің сауда платформасы арқылы ұсынатын қосымша электрондық қызметтері (олар бар болса), сондай-ақ мұндай қызметтерді ұсыну шарттары мен тәртібі анықталады.

11. Сауда платформасында Клиенттердің Клиенттердің есеп құжаттарының стандартталған нысандарын және Клиенттердің тапсырмаларын – бұйрықтарын/клиенттік тапсырыстарын, өзге

өкімдерін электронды түрде Брокердің ішкі құжаттарымен (қаржылық құралдарды сатып алу/сату, репо/авторепо мәмілелері және т.б.) толтыру көзделеді.

Клиенттік тапсырыстың типтік үлгілері Клиенттің қаржылық құралдармен мәмілелер жасау барысында мүдделер қақтығысының ықтималдығы және (немесе) фактілері туралы хабардарлығын растау, брокердің клиенттерге ұсынымдары және т.б. туралы мәліметтерді көздейді. Брокердің ол жасалғаннан кейін қолданысқа енгізілген Шартқа сәйкес жасалуы болжамдалатын (жасалған) қаржылық құралдармен мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәуекелдер, шектеулер және ерекше шарттар туралы хабарламалар, жасалатын (жасалған) мәмілені айла-шарғы мақсатында жасалған деп тану мүмкіндігі туралы хабарлама Брокердің www.almaty-ffin.kz ресми сайтында орналастырылады.

12. Қоғамның бағдарламалық жасақтамасының жұмыс істеуін және пайдалануды бақылау және қамтамасыз етуге жауапты бөлімше Ақпараттық технологиялар департаменті болып табылады, оның функцияларына сондай-ақ бағдарламалық жасақтаманы пайдалану және ақпарат қауіпсіздігі рәсімдері мәселелері бойынша әкімшілендіру, баптау және Қоғам жұмыскерлеріне консультация беру кіреді.

13. Клиент тапсырмаларды (бұйрықтарды/клиенттік тапсырыстарды, өзге өкімдерді) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Брокердің ішкі құжаттарындағы (Брокерлік және дилерлік қызмет туралы Регламентке (бұдан әрі – Регламент, пайдаланушының нұсқаулары/нұсқаулықтары) шарттарға сәйкес толтыруы тиіс, бұл ретте ықтимал залалдар мен тапсырмаларды дұрыс толтырмағаны үшін келтірілген залалды қоса алғанда жауапкершілік Клиентке жүктеледі.

14. Клиенттердің тапсырмаларын қабылдау/тапсырмаларды қабылдаудан бас тарту, оларды орындау бойынша іс-әрекеттерді Брокер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Регламентке, осы Қағидаларға және Шартқа сәйкес жүргізеді.

15. Брокер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда және (немесе) Регламентте, осы Қағидаларда және/немесе Шартта көзделген өзге жағдайларда Тапсырмаларды қабылдаудан бас тарта алады.

16. Брокер Клиентке электрондық қызметтердің бірнеше түрлерін және (немесе) қосымша түрлерін) көрсете алады. Осы Қағидалар Сауда платформасының қосымша сервистерін белгілейді.

17. Веб қосымшалар түріндегі қосымша сервис – «Freedom24.kz» акциялары интернет-дүкені, оның көмегімен мүдделі жеке тұлғалар тіркеу рәсімінен өтіп, Шартты жасау және жеке шот ашу үшін деректерін ұсына алады, тіркеу рәсімінен өткеннен кейін онлайн режимде бағалы қағаздарды сатып ала және Шартты жасай алады.

Сервис брокерлік шартты жасауды және Компанияның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шотты және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның есепке алу жүйесінде клиенттің қосалқы шоттарын ашуды болжамдайды, динамикалық сәйкестендіруді және «API Кілтімен» авторландыруды пайдаланып, бағалы қағаздарды Сауда платформасы арқылы сатып алу/сату мүмкіндігін, клиенттік тапсырыстарды 24/7 беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осы қосымша сервисті пайдаланған кезде пайдаланушы үшін «Freedom24.kz» акцияларының интернет-дүкеннен табылғаны туралы ақпараттық хабарлама бейнеленеді.

18. Тек ықтимал клиенттерді/мүдделі тұлғаларды қаржы сауаттылығын арттыру және бағалы қағаздар нарығында инвестициялау туралы оқытушы ақпаратқа қатынау үшін пайдаланылатын ««Tradernet» демо-версиясы» қосымша сервисінде бөлек интерфейс болады.

«Tradernet» демо-версиясы» шынайы ақша қаражаттарын салмай бағалы қағаздарды сатып алу/сату виртуалдық мәмілелерін жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ «Tradernet» Сауда платформасының функционалын зерделеу үшін пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте «Tradernet» Сауда платформасында сауда-саттықтың имитациясына арналған қаржылық құралдардың бағаларын трансляциялау жүргізілмейді.

Осы қосымша сервисті пайдаланған кезде пайдаланушы үшін «Сауда жүйесінің демоверсиясы» демоверсиядан табылғаны туралы ақпараттық хабарлама бейнеленеді.

19. Сауда платформасы мен Tradernet.kz мобилді қосымшасы базасында электрондық қызметтер аясында бар және (немесе) ықтимал клиенттер үшін басқа қосымша сервистер де әзірленуі мүмкін.

20. Қосымша және (немесе) Сауда платформасының функционалына қосылған мүмкіндіктер мен қызметтер туралы ақпаратты Брокер Брокердің www.almaty-ffin.kz ресми сайтына орналастырады.

21. Брокер:

1) сауда операцияларын іске асыру бойынша электрондық қызметті ұсынған жағдайда:

сауда платформасына қатысты осы Қағидалардың 9 тармағының бірінші бөлігінің 4) және 5) тармақшаларында көзделген талаптар қолданылмайды;

Брокердің сауда платформасы № 210 қағидалардың 31 тармағының екінші бөлігінде белгіленген талапты ескереді;

2) жеке шот бойынша операцияларды іске асыру бойынша электрондық қызметті ұсынған жағдайда:

сауда платформасына қатысты осы Қағидалардың 9 тармағының бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген талап қолданылмайды;

сенімді басқарушы туралы жазбаларды енгізу және сенімді басқарушы туралы жазбаны жою бөлігінде Сауда платформасы № 210 Қағидалардың 43 тармағының бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде белгіленген осы операцияларды жүзеге асыру тәртібін, шарттары мен ерешеліктерін ескереді;

3) ақпараттық операцияларды іске асыру бойынша электрондық қызметті ұсынған жағдайда Сауда платформасына қатысты осы Қағидалардың 9 тармағының бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген талаптар қолданылмайды.

22. Қор биржасының сауда жүйесімен кіріктірілген Сауда платформасы қаржылық құралдар және олардың бағалары, қор биржасындағы сауда-саттықтардың барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты трансляциялайды.

Клиенттің шынайы ақпарат режимінде трансляцияланатын ақпаратқа қол жеткізу тәртібі мен шарттары шартпен және брокердің ішкі қағидаларымен анықталады.

23. Брокер Клиентке электрондық қызметтерді, жеке кабинетті және Сауда платформасын пайдаланудың мұндай нұсқаулықтарын Шартта және (немесе) Брокердің ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен ұсынады.

24. Сауда операциясын, жеке шот бойынша операцияны орындаған кезде Сауда платформасы Клиентке Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша, соның ішінде мынадай:

1) жеке шоттан есептен шығарылуы тиіс бағалы қағаздардың саны олар бойынша есеп айырысу олардың жасалған күні іске асырылатын бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша осы шоттағы бағалы қағаздардың санынан асып кеткен;

2) Клиенттің шотындағы ақшалардың сомасы олар бойынша есеп айырысу олардың жасалған күні іске асырылатын бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша сауда операциясын жасауға жеткіліксіз болған;

3) есептен шығарылуы тиіс бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған және (немесе) бұғатталған;

4) қор биржасы жүйесінде қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу немесе сату бойынша мәмілелер № 9 Қағидалардың 63-9 тармағында көзделген сатып алынатын қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны толық немесе ішінара алдын ала төлеу немесе сатылатын қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны алдын ала жеткізу шарттарына сәйкес келмеген.

5) Шартта көзделген өзге жағдайлар бастағанда, бұл операцияларды жасаудан бас тарту туралы хабарлама береді.

25. Брокердің Клиенті болуға ниет білдірген жеке тұлғалар үшін Сауда платформасы Клиенттің Шартқа қосылу туралы Өтінішке/Шартқа қол қоюы арқылы Шартты жасау мүмкіндігін қарастырады. Шартқа қосылу туралы Өтініш/Шарт Клиенттің Регламентке және Шартқа қосылу талаптарын, жеке шот ашу туралы бұйрықты, және Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген нысандар бойынша Сауда платформасымен қалыптастырылған анкеталық деректерді көрсетуді қамтиды (өтініш берген кезде). Шартқа қосылу туралы Өтініш/Шарт, жеке шот ашу туралы бұйрық қағаз тасығышта берілген жағдайда Клиент оларға өз қолымен қол қояды, ал олар электрондық құжат түрінде берілген жағдайда электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітіледі. Одан бөлек, қосылу туралы Өтінішті берген/ немесе қосылу туралы Шартқа және тиісінше Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдаланып, электронды құжат түрінде жеке тұлғаға жеке шот ашу туралы бұйрыққа қол қойған кезде, Клиент осы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесін қоса тіркейді.

26. Мына:

- Сауда платформасымен немесе «Freedom24.kz» акциялар интернет-дүкенінде жұмыс істеу үшін Клиент мына: MS Windows, Linux, MacOS операциялық жүйелердің бірімен басқарылатын; интернет-браузер бар және Интернет желісіне қосылған дербес компьютерден құралған бағдарламалық-техникалық құралдардың бар болуын өз бетінше қамтамасыз етуі тиіс;

- Мобилді қосымшамен жұмыс істеу үшін Клиент мына: iOS, Android операциялық жүйелердің бірімен басқарылатын және Интернет желісіне қосылған мобилді телефоннан құралған бағдарламалық-техникалық құралдардың бар болуын өз бетінше қамтамасыз етуі тиіс.

4. Клиентті Сауда платформасында және Мобилді қосымшада сәйкестендіру тәртібі мен шарттары

27. Клиентті:

- Сауда платформасында сәйкестендіру Интернет желісінде www.tradernet.kz адресі бойынша Клиенттің Сауда платформасының тиісті терезесіне енгізу арқылы, электрондық цифрлық қолтаңбаны не болмаса Брокердің ішкі қағидаларында және (немесе) Шартта көзделген түпнұсқаландырудың өзге құралдарын пайдалану, соның ішінде пайдаланушының атын (логинін) және парольді немесе Клиенттің жеке кабинетінде тіркелген мобилді телефонның нөмірін және Клиенттің осы нөміріне жолданған біржолғы кодты пайдалану арқылы жүзеге асырылады;

- Сауда платформасының қосымшасында – «Freedom24.kz» акциялар интернет дүкенінде сәйкестендіру ықтимал клиентті тіркеу және оның сауалнаманы толтыруы және (немесе) бар Клиентті тиісті терезеде тіркеу арқылы жүргізіледі;

28. Брокер тек мына талаптарға сәйкес келетін Клиенттермен қашықтан іскерлік қатынастар орнатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестендіру нөмірі берілген жеке тұлға не болмаса заңды тұлға;

2) Клиент (оның өкілі) мен бенефициарлық меншік иесі терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдардың және тұлғалардың тізбесіне енгізілмеген тұлға;

3) Клиент (оның өкілі) мен бенефициарлық меншік иесі оларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарына сәйкес халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын болып белгіленбеген тұлға немесе ұйым;

4) Клиент ҚТЗТҚ туралы Заңның 5-бабының 7 тармағына және ішкі бақылау қағидаларына сәйкес тиісті түрдегі тексерудің күшейтілген шараларын қолдануды қажет ететін тәуекел деңгейі тағайындалмаған тұлға.

29. Брокер Клиенттермен іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен және терроризмді қаржыландыру арқылы алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) (бұдан әрі - ҚТЗТҚ) тәуекелі дәрежесін бағалауды клиенттің түріне, елдік (географиялық) тәуекеліне, қызмет (өнім) тәуекеліне және/немесе оны ұсыну тәсіліне қарай ескере отырып, өз бетінше қашықтан орнату туралы шешім қабылдайды.

ҚТЗТҚ туралы Заңды орындау мақсатында Қоғамда іскерлік қатынастар қашықтан орнатылған жағдайда клиенттерді тиісті түрде тексеру рәсімдері (бұдан әрі - Рәсімдер) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 140 «Қаржы мониторингі субъектілерімен іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайда клиенттерді тиісті түрде тексеру Талаптарын бекіту туралы» қаулысына сәйкес әзірленген және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

30. Пайдаланушының аты (логині) немесе мобилді телефонының нөмірі және Сауда платформасына/Мобилді қосымшаға кіру үшін алынған пароль дұрыс көрсетілген жағдайда Клиентті Сауда платформасында/Мобилді қосымшада сәйкестендіру тиісті түрде жүргізілген болып танылады, содан кейін Клиент жеке кабинетке қолжетімділік, шот бойынша ақпаратты қарау мүмкіндігін, сондай-ақ динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы сауда сессиясын ашу мүмкіндігін алады.

Ықтимал клиент «Freedom24.kz» акциялар интернет дүкенінде дұрыс тіркелген және сауалнаманы толтырған жағдайда, ықтимал клиент банк картасымен төлеу арқылы бағалы қағаздарды одан әрі сатып алуға және Шартты міндетті жасауға қолжетімділік алады.

Бұл ретте, «Freedom24.kz» акциялар интернет дүкені арқылы сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу Шарт жасалғаннан және Клиентке брокерлік шот ашылғаннан кейін жүргізіледі.

31. Сауда платформасына/Мобилді қосымшаға кіру үшін Клиентте:

– электрондық цифрлық қолтаңба немесе пайдаланушының аты (логині)/электронды почта және/немесе мобилді нөмір, Сауда платформасына кіру үшін Клиент орнатқан пароль немесе клиенттің мобилді нөміріне алынған біржолғы код болуы тиіс;

– Сауда платформасына кіру үшін Пароль жоғалған/жойылған жағдайда, Клиент логинді, электрондық адресі немесе Клиенттің кодын біле тұрып, парольді тастау үшін электрондық адресіне немесе ұялы телефонына код алып, парольді қалпына келтіру рәсімі арқылы оны қалпына келтіре алады.

5. Электрондық қызметтерді ұсынуды тоқтата тұру/тоқтату

32. Сауда операциясын, жеке шот бойынша операцияларды орындаған кезде Брокердің Сауда платформасы Клиентке Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша осы Қағидалардың 24 тармағына сәйкес бұл операцияларды жасаудан бас тарту туралы хабарлама береді.

33. Брокер Клиент Сауда платформасындағы Клиенттің Жеке Кабинеті арқылы тиісті нұсқау берген жағдайда Клиенттің Сауда платформасына және Мобилді қосымшаға кіруін бұғаттауы (электрондық қызметтерді ұсынуды тоқтата тұруы) мүмкін.

33. Сауда платформасына кіруді бұғаттауды Брокер Клиент жүгінген және оны сәйкестендірген сәттен бастап 15 (он бес) минуттың ішінде жүзеге асырады.

6. Қауіпсіздік рәсімдері

34. Қауіпсіздік рәсімдері Клиентті және оның ақпараттық қызметтерді алу құқығын сенімді түрде сәйкестендіруге, оның негізінде Клиентке электрондық қызметтер ұсынылатын электрондық құжаттардың мазмұнында бұрмалауларды және (немесе) өзгерістерді анықтауға, коммерциялық және Заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсат етілмеген кіруден қорғауды қамтамасыз етуге және бұл ақпараттың бүтіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

35. Ақпаратты қорғау мақсатында Брокер Клиенттердің операциялары туралы ақпаратты және қосымша сервердегі транзакциялардың жүйелік журналын қамтитын деректер базасын резервтік көшірмелеуді қамтамасыз етеді.

36. Клиентті сәйкестендіру мақсатында Сауда платформасына/Мобилді қосымшаға қолжетімділікті іске асырған кезде, клиент электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланады немесе логинді немесе мобилді нөмірді және өзі құрған немесе алған парольді енгізеді. Деректер SSL қорғалған хаттамасы бойынша тиісті шифрлау әдістерін пайдаланып, Сауда платформасына беріледі. Логин мен пароль сәйкес келген кезде, Клиент Жеке Кабинетке қарай режимінде қолжетімділік алады.

37. Қауіпсіздік сессиясын ашу үшін Клиент Сауда платформасының/Мобильді қосымшаның Жеке кабинетінде Клиент тиісті сұраныс арқылы динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендіру/түпнұсқаландыру: SMS, W-TOKEN немесе ЭЦҚ әдісін таңдап қауіпсіздік сессиясын ашуға бастамашылық жасайды. Содан кейін Клиентке жеке шот бойынша сауда операцияларын жүргізуге мүмкіндік беріледі.

38. Сауда платформасында берілетін және алынатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында SSL шифрлау қолданылады. Шифрлау Клиенттің Сауда платформасындағы деректерін оларды Интернет желісі арқылы жөнелтер алдында шифрланған кодқа түрлендіреді және Сауда платформасы мен Клиенттің интернет-браузерінің арасындағы жолда Клиенттің ақпаратының құпиялылығын қамтамасыз етеді.

39. Келісу хаттамасы SSL қосылудың бір немесе екі ақырғы жүйелерін сәйкестендіруге және оның көмегімен осы қосылу арқылы берілетін деректерді шифрлауға және шифрын ашуға арналған кілттер жаңартылатын бірегей симметриялық кілтті жасау үшін қызмет етеді. SSL хаттамасында ақырғы жүйелерді сәйкестендіру үшін асимметриялық шифрлау, цифрлық сертификаттар мен SSL келісу хаттамалары қолданылады. SSL серверді сәйкестендіреді. Сертификат интернет-браузерлердің барлық түрлері үшін сенімді болып табылады. Цифрлық сертификат жалпы кілттен және уәкілетті сертификаттық компанияның (CA) цифрлық қолтаңбасы бар сәйкестендіру ақпаратынан құралады. Әр жалпы кілтпен жеке кілт байланысты. Жеке кілт сертификаттың құрамына кірмейді және одан бөлек сақталады. Клиентті немесе серверді сәйкестендіру кезінде ақырғы жүйе цифрлық сертификаттың жалпы кілтіне сәйкес келетін жеке кілттің бар болуының дәлелдемесін ұсынуы тиіс.

40. Клиент электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе Пайдаланушының атын (логинін), мобилді нөмірді, Сауда платформасына кіру паролін үшінші тұлғаларға жариялауға/беруге құқығы жоқ. Пайдаланушының атын (логинін), мобилді нөмірін, Сауда платформасына кіру паролін оларға уәкілеттігі жоқ тұлғалардың кіруін болдырмайтын жағдайға сақтау қажет. Клиент өзінің жоғарыда көрсетілген ақпараттың/жабдықтың сақталуы шарттарын қамтамасыз етпеуіне байланысты барлық тәуекелдерді өзіне алады.

41. Сауда платформасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Сауда платформасында Клиенттің қауіпсіздігін сессиясын ажырату функциясы қарастырылған. Сауда платформасында Клиенттің ағымды сессиясын ажырату деп Жеке Кабинеттен шыққан жағдайда электрондық қызметтерді ұсынудан бас тарту ұғынылады. Бұл ретте Клиент жоқта ДК-ны ағымды сессиямен бірге бұғатталмаған етіп қалдыруға тыйым салынады.

42. Брокердің Менеджері телефон байланысы арқылы Клиенттің өтінішін орындауға байланысты

қажетті мәліметтерді алады/нақтылайды.

43. Сауда платформасына үшінші тұлғалардың кіруінен қорғау мақсатында мынадай ең төменгі талаптарды қанағаттандыратын парольдер беру ұсынылады:

– парольде пайдаланушының есеп жазбасының аты немесе оның қандай да бір бөлігі болмайды;

– пароль кемінде 8 (сегіз) символдан құралуы тиіс.

Парольде мына төрт санның ішінде үш категорияның символдары болуы тиіс:

– ағылшын алфавитінің А-дан Z дейінгі бас әріптері;

– ағылшын алфавитінің а-дан z дейінгі әріптері;

– ондық сандар (0-ден 9 дейін);

– алфавиттік емес символдар (мәселен, !, \$, #, %).

44. Сауда терминалында мыналар:

1) белгілі бір функциялар мен операцияларды олардың белгіленген орындалу тәртібін бұза отырып, орындауға мүмкіндік беретін құралдардың болуы;

2) қалыптастырылып қойған шығыс есептеріне тікелей өзгертулер енгізуге мүмкіндік беретін функциялардың болуы;

3) жүргізілген операциялар және бұл үшін арнайы көзделген операцияларды (функцияларды) қоспағанда жеке шоттардың жай-күйі туралы деректерді өзгерту (жою);

4) шығыс нысандарды, соның ішінде клиенттік тапсырысты, клиенттің бұйрығын, клиенттің жүргізілген операциялар туралы есебін, клиенттің жеке шотынан үзіндіні пішімдеу (өзгерту) қарастырылмайды.

45. Бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа және клиенттің дербес деректеріне рұқсат етілмеген кіру, оларды рұқсат етілмеген өзгерту, брокер электрондық қызметтерді ұсынған кезде туындайтын рұқсат етілмеген сауда операцияларын, жеке шот бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүргізу анықталған кезде, Брокер бұл туралы Клиентке олар анықталған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

Осы тармақта көрсетілген рұқсат етілмеген іс-әрекеттер туындаған жағдайда, Брокер тез арада олардың себептерін жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Брокердің ішкі құжаттарында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру схемаларындағы электрондық қызметтерді ұсынудың қолданылатын немесе ендірілетін тәсілдері мен технологияларын пайдалануды болдырмау жөнінде қажетті рәсімдер болады.

7. Қорытынды ережелер

46. Электрондық қызметтер ұсынуға байланысты мәселелер бойынша Клиент келесі Байланыс деректері бойынша хабарласа алады: Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 77/7, тел: +7 (727) 311 10 64/65, 7555 (Қазақстандағы мобилді нөмірлерден).

47. Брокер Клиентке мұндай өзгерістер туралы www.almaty-ffin.kz ресми сайтында алдын ала хабарлай отырып, Байланыс деректерін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

48. Брокер Қағидалардың мәтінін www.almaty-ffin.kz ресми сайтына олардың күшіне енетін күннен 15 (он бес) күн бұрын орналастыру арқылы осы Қағидаларға біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы.

49. Осы Қағидаларда реттелмеген өзге мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының ішкі құжаттарына, Шартқа және іскерлік айналым ғұрыптарына сәйкес шешіледі.

ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ:





№	ТАӘ	Қолы	Күні
---	-----	------	------

АО «Фридом Финанс» Лицензия № 3.2.238/15 от 02 октября 2018 г. на осуществление следующих видов деятельности на рынке ценных бумаг: 1) брокерской и дилерской деятельности с правом ведения счетов клиентов в качестве номинального держателя; 2) деятельность по управлению инвестиционным портфелем без права привлечения добровольных пенсионных взносов. Лицензия № 4.3.12 от 04 февраля 2020 г. на проведение банковских операций в иностранной валюте (обменные операции с иностранной валютой, за исключением обменных операций с наличной иностранной валютой)	Код: 15	Редакция: 05	Кол-во листов: 12
		Введено в действие: <u>15.11.2021</u>	

**Согласовано
 Решением Правления
 Протокол №10/28
 от 28 октября 2021 г.**

**Утверждено
 Советом директоров
 Протокол № 10/29
 29 октября 2021 г.**

**Правила предоставления электронных услуг посредством
 торговой платформы «Tradernet» и
 мобильного приложения «Tradernet.kz»**

Разработал (а) Ф.И.О.  Общая редакция: Директор департамента информационных технологий Тажигулов А.	Согласовано Ф.И.О.	Управляющий директор по правовым вопросам Кизатов А.Т. 
		И.О.Главы риск менеджмента, управляющего директора по рискам и комплаенс- контролю Беристенова А. 
Дата: 25 октября 2021 г.		Директор департамента управления рисками Умиралиева А. 

Алматы, 2021 год

Ведомость изменений внутреннего документа

Акционерное общество «Фридом Финанс» Правила предоставления электронных услуг посредством торговой платформы «TRADERNET» и мобильного приложения «Tradernet.kz»

Версия	Дата	Дополнения и/или изменения	Орган, документ и дата утверждения
01 редакция	07 августа 2017 года	-	Утверждено решением Совета директоров, протокол 08/04 от 04 августа 2017 года
02 редакция	27 августа 2019 года	Дополнения и изменения	Утверждено решением Совета директоров АО «Фридом Финанс», протокол №08/27 от 27 августа 2019 г.
03 редакция	17 апреля 2020 года	Дополнения и изменения	Утверждено решением Совета директоров АО «Фридом Финанс», протокол №04/17 от 17 апреля 2020 г.
